

Интернет жүйесіндегі тілдік қарым-қатынас мәдениеті



Ғылыми жобаның өзектілігі: Қазіргі біздің қоғамда қазақ тілінің мәдениеті – ең өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті дара тіліміздің мәдениетінің көкейкестілігі белгілі шамада артып күннен-күнге өркендеп отыр. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың тілдік ортасын қалыптастыруда. Қазіргі жастардың көпшілігі уақыттарының біраз бөлігін интернет жүйесіндегі әлеуметтік желілерде өткізеді. Әлеуметтік желіде сөйлесу және жаңалық алмасу жылдам деп біледі. Адамдар әлеуметтік желіде бір-бірімен хабар алысқанда тіліміздің тазалығын сақтамайды, яғни бұрмалап өзге тілдің сөзін қосып, жөнсіз қысқартып, шұбартып жазады. Сонымен қатар қазақ сөздерін латын немесе кирилица әріптерімен араластырып жазады. Сол себепті ғаламтор жүйесіндегі тіл мәдениеті ақсап тұр. Тіл мәдениетімізді ғаламтор жүйесінде жөнсіз бұрмалап қысқартуымен күрес – бүгінгі таңда келелі мәселелердің бірі болып саналады.

Мақсаты: Қазақстанда ғаламтор жүйесін пайдаланушыларға қарым-қатынастағы тіл мәдениетін жақсартудың жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

- Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектептің ұстаздары мен оқушыларынан сауалнама алу;
- ВК желісіндегі парақшаларды саралау;
- Әлеуметтік желіде тіл мәдениетін сақтауға арналған тұжырымдарды ұсыну.

Тіл мәдениеті - әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы - оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті дегеніміз - коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану.

«Тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді, өйткені тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін нысаны - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы. Тілдік норма сақталуы үшін әрбір айтылған сөз сараланып, ойланып айтылуы тиіс. Сонымен, «сөйлеу» коммуникациясы - адамдардың қарым-қатынас әрекетінің көрінісі.

```
graph TD; A([Сөз мәдениеті]) --> B[Тілдік норма]; A --> C[Этикалық норма]; A --> D[Коммуникативтік норма];
```


***Сөз
мәдениеті***

Тілдік норма

Этикалық норма

Коммуникативтік норма

Мектеп оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелері





Әлеуметтік желілер





«Бүгінгі таңда қазіргі жастар ізденіске түспейді, ағаларының қалдырып кеткен әдеби шығармаларды оқымайды...Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды..Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар»

Ә. Әбішев

Әлеуметтік желідегі жастар арасындағы өзара қарым-қатынаста сөздердің әріптерін тастап кету немесе ретсіз қысқарту, қазақи сөздерге тән «ә, і, ң, ғ, ұ, ы, қ, ө» әріптерін жазбау, осының барлығы дерлік ақырындап тіл мәдениетінің жойылып кетуіне әкеледі



Әлеуметтік желіде сөз мәдениетін сақтап,
мемлекеттік тіл мүддесін көтеру үшін
ұсынысымыз

тіл тазалығы, сауатты жазуға
үндейтін түрлі жарнамалар көбейту;

Ана тілімізде қазақша кітаптар, қызықты
кинофильмдер, бағдарламалар шығару

кез келген әлеуметтік желіні
пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей
жай қарамай, сауатты жазуға ықыласын
білдіруі қажет;

Интернет желісінде қазақ тіліндегі
сайттарды көбейту;

Қазақша қаріптерді барлық ұялы
телефондарға енгізу. Мысалы IOS
бағдарламасына.